

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Ө.А.БАЙҚОҢЫРОВ атындағы ЖЕЗҚАЗҒАН УНИВЕРСИТЕТІ

Білім алушылар мен жас ғалымдардың
республикалық ғылыми-практикалық конференциясы
материалдарының жинағы

КЕЛЕШЕК – 2023

Сборник материалов
республиканской научно-практической конференции
обучающихся и молодых ученых

Ж Е З Қ А З Ғ А Н

2023

бере қоймайтын. «Одна из слабостей», «настойчивостью» «является», «человек настроение», «воспринимает» деген секілді сөздердің қазақшаға бақырайтып аударылғандағы ауаға жайылған түрі.

Деректі туындылардағы авторлық баяндаулар, сюжеттік-композициялық желідегі оқиғалардың шыншылдығы, тартымдылығы, кейіпкерлердің диалогтары мен монологтары шығармада қолданылған көркем бейнелі тіркестер, жеке сөздер т.б. ерекшеліктер тұтаса келе шығарманың эстетикалық қуатын арттырады.

Түйіндейтін болсам, балалар жазушылары повестерінің әлі күнге дейін тақырыптық жіктеліске түспегендігін байқаймыз. Н.Серәлиев, М.Қаназов, Т.Нұрмағамбетов, С.Асылбеков және тағы басқа қаламгерлер шығармаларының ұқсас мінез танытатыны – мәнер ұқсастығынан. Әдебиеттанушы Қ.Ергөбектің сөзімен айтсақ «Ұқсас тақырып, ұқсас жағдай, ұқсас сурет, ұқсас мотив». Балалар психологиясын зерттей жазудың, шынайы толыққанды образдың жасалуына кепіл болатындығы белгілі.

1. Қайсенов Қ. Жау тылындағы бала: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Әуезов М. Өмір мен шығарма // Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – Т.18. – 448 б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. // Он томдық. 9-том. Кеңес дәуірі (1956-1990). Алматы, «Қазақпарат» баспасы, 2005. – 620 б.
4. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 б.
5. Ыбырайымов Б. Ой мен сөз. – Алматы: Жазушы, 1985. – 248 б.
6. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Алматы: Өркениет, 2003. – 368 б.
7. М.Айымбетов. Нәзік жаңғырық. . – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006, – 388 б.
8. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1965. – 328 б.

КБЖ 83.3 (5 каз) ЭОЖ 82-1 М 84

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ТУРАЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КӨЗҚАРАСЫ

Мұрат А.А.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі,
E-mail: aizhanmuratova01@mail.ru
Ғылыми жетекші: Чалтикенова Л.А., ф.ғ.к.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деп атап өткен. Соның бір парасы- Абайтану әлемі. Қазақ әдебиетінде ұлы ақын Абайды тану тарихы ертеден бастау алады. Абайды тану- қазақ әдебиетін тану, Абайды тану- қазақ ұлты мен рухын тану, Абайды тану- өзінді тану, Абайды тану- сөз түп төркінін тану. Осыдан- ақ Абайды тану қаншалықты маңызды екенін ұғынуға болады. Абайдың көзі тірісінде жарық көрген еңбектері, өлең мен шығармалары, нақыл сөздері қазақ әдебиетінің ұмытылмас қазынасы. Ол жазған өлең, шығармалардың тәлім-тәрбиесі, мән- мағынасы болашақ ұрпаққа таптырмас қазына. Абай Құнанбайұлының

өлеңдері мен қара сөздері болашақ жастарға ерекше тәрбие береді, сауаттылыққа үндейді. Абайдың қара сөздерінің кім үшін болса да, тәрбиелік мәні өте зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды қазына. Өйткені ғылым да, өнер де, білім де жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін білімді игеру де жастардың ғана қолынан келетін іс десем артық айтқаным болмас. Сондықтан білімге ұмтылған жастар үшін ақын айтқан әрбір қара сөздерін берік ұстанбақ қажет.

Абай тағылымын зерделеуде Құдайберген Жұбановтың рөлі айрықша. Сол кездері қазақ халқының халық әдебиеті мен Абайдың тағылымдық көзқарасы қандай болғандығын, неден нәр алғандығын, оның Шығыс әдебиетіне қатысын, қандай мәселесіне назар аударып, неден безгендігін, орыс әдебиеті және оның үлгісін түсініп, қазақ әдебиетінің ескі жұртынан да, ислам мәдениетінің кірлі көрпесінен де бір сілкініп шыққан, қазақ әдебиетін лас сөзден, бос сөздіктен тазартып, жаңа бағытқа салып, Абайдың тарихи қызметін ең алғашқы рет бағалаған ғалым деуге де болады. Осы тұста, ғалым 1934 жылы Абайдың дүниеден өткеніне 30 жыл толуына орай «Әдебиет майданы» атты көлемді журналда 4 бөлімнен тұратын «Абай- қазақ әдебиетінің классигі» атты ғылыми мақаласын жариялайды. Жазушы Шахмет Құсайнов: «Мен сол кездері «Әдебиет майданы» журналының қарапайым хатшысы едім. 1934 жылы Абай Құнанбайұлының дүниеден өткеніне 30 жыл толды. Бірде, Құдайберген ағаға Абай туралы мақала жазуға тапсырыс бердім. Мақала әлі жоқ, уақыт деген тығыз. Күте- күте журналдың соңғы сандарын бітіруге тура келді. Редактор маған «мақаланы біткен жерінен алып кел» деп тапсырма берді. Барсам, Құдайберген аға отыз беттен аса мақала жазып тастапты. Әзір бітетін түрі жоқ. Уақыттың тығыздығын айтып, қолжазбаның біткен жерінен сұрап алдым. Құдайберген аға «аяғы бар» деген сөзіне қарамастан, анау-мынау дегеніне қарамай алып кеттім. «Абай- қазақ әдебиетінің классигі» атты мақала осылайша жарық көрді.» - дейді. Құдайберген Жұбанов осы еңбекте Абайдың ана сүтімен дарыған қасиеттерін, әдебиет саласының майтанманы, суырып салма ақын екендігін, аударма өлеңдерінің мән- мазмұны мен ақындық ерекшелігін бағалап, сипаттап өткен. Тіпті, «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты еңбегінде: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жүр; ол – өз тұсында, жалғыз қазақ қана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үздіктігі.»- деген.[1. 391] Аталмыш мақалада Қ. Жұбанов Абай шығармаларының бастауы Шығыс әдебиетімен үстемдік еткенін айтады. Абай шығармалары мен оның тарихи мұрасының ең негізгі көзі көне Шығыстың әдеби мұрасы мен оған тіл ұстартқаны ерекше болғандығын атап өткен. Осы сәтте, профессор Қ. Жұбановтың пайымдауында, «Абайды көрші елдердегі замандастары, бастастарымен салыстырғанда, Мырза Фаталиден бастап ешкім де шендесе алмай шығады. Ұлт тіліне ,әдебиетіне сіңірген еңбегін, ақындық күшін алғанда Абай бәрінен озып шығады. Өйткені, ол кезде таза халық тілімен жазып тұрып, ол жазғанын классик әдебиет үлгісімен шығарған ол елдерде адам болған жоқ.»,- деп көрсетеді.[2. 255]

Білім нәрімен сусындап, сауатын ашқан ақын бастапқы қорегін Шығыстан тапты.Шығысты оқып, оның ғылымын тоқыған, медресе тілі саналатын шағатай тіліндегі ғылыми кітаптармен достасу Абай ақынның көзін ашты.Абай шағатай әдебиетімен, оның үлгісімен жақсы таныс болып, оны өзінебаурап алып, соның үлгісімен өлеңдер жазып көрген. Бірақ, Абай оны қанағат тұтпай, оның ішінде қалмай, сыртына шығып, соныдан шығар жол іздеген. Қ. Жұбанов «Абай – шығыс үлгісін көрмей, білмей аман кеткен ақын емес, белшесінен кешіп барып, батпағына аунап барып, одан шығып, тастап кеткен ақын.»,- деген.[1. 407] Мақалада тағы бір негіз болған мәселе- «Абай және халық әдебиеті» деп аталатын үшінші бөлімі. «Абайдың алды жоқ емес, жоққа жуық» деген тезиспен бастап халықтың ауыз және жазба

әдебиетін жетік меңгерген ғалым Абайдың ордалы ойларын тереңнен зерттейді. Абай Құнанбайұлы өз шығармаларында қазақтың ауызша тарап келген байырғы әдеби тілін негіз етіп, дамытып, жаңа сатыға көтерген. Қазақтың халықтық тілін жақсы біліп, ескі ақындары мен кемел шешендерін, ер жүрек батырлар жайындағы әдеби жырларды танып, біліп өскен. Абай дәуірі- қазақ қоғамындағы, сол тұстағы екі әдеби тілдің- жалпыхалықтық тілге негізделіп, ауызша дамып келген әдеби тіл мен Орта Азиялық түркі әдеби тіліне негізделіп келген жазба әдеби тілдерінің тайталысқа түскен кезі. Абайдың қазақ әдеби тілінің дамуы барысында атқарған қызметі мен рөлі ерекше. «Қазақтың жазба әдеби тілінің негізін қалаған, қазақ әдебиетінде өлең құрылысына өзіндік жаңалықтар енгізген, қазақтың тілі мен әдебиетінің тазалығын, халықтың болмысын сақтай отырып, оны еуропаның үздік мәдениетіне жетелеген Абайдай тұлғаның үлгілі сөздері екі ғасырға жуық уақыт өтсе де мәнін жойған жоқ.»[3.2]

Ғалым Құдайберген Жұбанов «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты көлемді мақаласы мен ұлы акынның поэзиялық қазынасы, көркемдік ізденістері, жаңашылдық келбеті, заман алға тартқан түйіткілді мәселелердің түйінін ашу секілді олжаларды тізбектеп көрсетіп өтті. Олар:

➤ «Абай – ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі – ойшыл сезім. Оның ойы да сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын ашып тұрады.[1.400]

➤ Абай тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеу, ырғағы, ұйқасы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек ұғымын жеткізерлік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сыярлық қана болып қоймай, бірі олай, бірі бұлай да кетпейді, солардың әрқайсысы үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәрі қосылып негізі күйді шығарады, тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады. [1.400]

➤ Абай – шығыс үлгісін көрмей, білмей, аман кеткен ақын емес, белшесінен кешіп барып, одан шығып, тастап кеткен ақын. [1.405]

➤ Басы артық бір сөз де өлең ішінде тұрмауын, өлеңнің «теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деген шарттарды қояды Абай. Сондықтан оны ағызып оқып, сыдыртып өте шықпай, ішкі мәніне жетпей қаламын деп кідіріп, салмақтап, акынның кестелеген айшықтары мен қошқар мүйіздерін танып оқуға тура келеді. Абай айтар сөзінің бәрін айтып, орнын тақырлап кетпейді, оқушыға да шығармашылық сыбаға қалдырып кетеді. [1.407]

➤ Абай өлеңдері бейнелі, суретті келіп, шын мағынасымен көркемдік шартын орындап отырды. Сонда Абай образды қолдан жасап, жат кейіп қылып шығармайды. Қазақтың өзіне қашаннан таныс, оны келтіргенде бермекші суретінің бояуын қандырып, ашып кететін суреттерден алады. [1.412]

➤ Абайдың музыкаға енгізген жаңалығы – жаңа түрлі әндері де осы өлең құрылысын қайта құруымен байланысты. Жаңа, жат өлшеулерді жұрт құлағына сіңдіріп, көп ұғымына жуықтату үшін оларға ән де шығарып берген. [1.415]

➤ Ойдағы сыншылдық, жалпы бағыттағы жаңашылдықты істе көрсете алу – онда да әдеби формада – ырғақ пен ұйқасымда, бейне мен сөздікте көрсете алу – бұл ол сыншылдықтың тамыры терең бойлап кеткенінен келеді. Абайдың тұла бойын түгел алып кеткен осындай өз ортасына наразылық бар. Абай – сол заманды, сол ортаны соя сынаған адам. Абайдың әдебиеттегі сыншылдығының түп-тамыры осында жатыр.»- дейді Құдайберген Жұбанов.[1.417]

Осыдан- ақ Құдайберген Жұбановтың Абайдың ақындық құдіретін, өлеңдерінің көркемдік қуатын, ақын жаңашылдығын, өмір шындығын бейленуін, ақын ұлылығын

қалай тізбектеп бергенін көруге, ұғынуға болады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, «Расында да, Қ.Жұбанов пікірлерінің батылдығы мен байсалдылығы, тереңдігі мен ірілігі таң қалдырады. Және де өз замандастарының арасынан Абайды жете түсініп, жете зерттеп барып қорытқан «Абай – классик ақын» деген сөзіне сөзсіз сенесіз. Бір өкініштісі бұл мақаланың бітпей қалғандығы. Тек жалғасы бар деген сөз ғана сыбағамызда...»- дейді ғалым М.Мырзахметов.[4.233] Абайдың даналығы мен сыншылдығына қарап асыл да ардақты біртуар ұлы тұлға екендігіне тағы бір мәрте көз жеткіземіз. Абайдай ақынның қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оны қазіргі білім алып жатқан жас ұрпақтардан ақ аңғаруға болады. Құдайберген Жұбановтың Абайдың ілімінің қалыптаса бастаған кезінде ұлы ақынның рухани ізденістерінің мәңгілік өмірі туралы құпия сырларын ашуға үлкен мүмкіндік берді. Абайды «Қазақ әдебиетінің классигі» деудің өзі сол жылдары үлкен мәртебе еді. Құдайберген Жұбановтың Абайтану ілімін зерттеп- зерделеуі, оны қазақ халқына білім ретінде ұсынуы біз үшін құнды қазына. Жауһардай жарқыраған асыл сөздері мен таным- тынысымызға, тәлім тәрбиемізге өз үлесін қосқан Абай ақын мәңгі әдебиет майталманы болып қала бермек.

1. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Құраст.: Ғ.Әнес.- Алматы. //«Абзал-Ай» баспасы.-2013.- 640 бет.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- өнд.,3- бас.Алматы: «Атамұра»,2010.- 608 бет.
3. «Егемен Қазақстан» газеті// Бибайша Нұрдәулетова «Ұлт тұлғасы- ұрпақ бағдары» мақаласы/ 07 ақпан 2020 жыл.
4. Құдайберген Жұбанов / Жалпы редакциясын басқарған филол.ғ.д., профессор М.Малбақов. –Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013. – 448 бет.

КБЖ 74.03 (5 каз) ЭОЖ 37.01 Ж 26

МАҒЖАННЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Жандаулетова А.Т.

Ж.Сәдуақасов аындағы жалпы білім беретін мектебі
Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы

Қазақстандық білім беруді жаңғырту, қазақстандық қоғамның "тамаша, сапалы білім беру" ұлттық жобасын іске асыру және жаңа мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізу жағдайында заманауи педагогтың рөлі де арта түсуде. Мен-XXI ғасырдың педагогы бүгінгі беріліп жатқан білімді бұл жоғары құндылық, жас ұрпақтың дүниетанымдық ұстанымдарының басымдылығы, бұл социумның мотивациялық және мәдени құрамдас бөлігі, адами капитал, қаржы және рухани дағдарысты еңсеру жолы деп түсінемін.

Психологиялық-педагогикалық идеялар, көрнекті ғалымдардың, қазақ халқының көптеген зиялы қайраткерлерінің еңбектері XX ғасырдың бірінші жартысында қазіргі педагогикалық, психологиялық ғылымның дамуына үлкен үлесін қосты.

Қазіргі заман талабына сай болу үшін, заманауи педагог қандай болуы керек? Қазіргі жағдайда бәсекеге қабілетті, креативті, мобильді, табысты тұлға тек қана адамның ішкі ресурстарын шығармашылықпен іске асыруға, оларды тіршілік қызметінде іске асыруға ықыласы бар стандартты емес шешімдерді таба және қабылдай алатын жаңа құзыреттілік идеяларды жүзеге асыра алатын шығармашылық тұлғаны